

Мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ұлытау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 16 ақпандағы № 11/01 қаулысы. Күші жойылды - Ұлытау облысының әкімдігінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 07/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысының әкімдігінің 22.01.2025 № 07/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес, Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы мөлшері осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппарататының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, осы қаулының 1 тармағы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Ұлытау облысының әкімі

Б. Әбдіғалиұлы

Ұлытау облысы әкімдігінің
2024 жылғы "16" ақпандағы
№ 11/01 қаулысына қосымша 1

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік тапсырыс мөлшері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Ұлытау облысы әкімдігінің 13.11.2024 № 79/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.11.2024 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады).

	Мектепке дейінгі білім беретін ұйымдардың түрлері
--	---

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			
		10,5 сағаттық режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	9 сағаттық режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	Жарты күн болатын топтар, жалпы білім беретін мектептің жанындағы мектепалды даярлық сыныптары	Түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық топтар
Ауыл	1 475	60 747	55 728	26 792	111 104
Қала	6 609	54 506	50 181	24 018	98 103
Экологиялық апат аймағындағы өңірлер үшін					
Ауыл	155	72 740	66 389	31 636	136 091

Ұлытау облысы әкімінің
2024 жылғы "16" ақпандағы
№ 11/01 қаулысына қосымша 2

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Ұлытау облысы әкімдігінің 13.11.2024 № 79/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.11.2024 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады).

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір балаға (1 -3 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)	Айына бір балаға (3 -5 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
Жезқазған қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	2 790	17 000	19 000
2	Балабақша (жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	220	17 000	19 000
Сәтбаев қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	2 864	17 000	19 000
2	Балабақша (жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	0	0	0

Қаражал қаласы				
1	Балабақша мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	(520	11 000	12 000
2	Балабақша жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	(215	11 000	12 000
Жаңаарқа ауданы				
1	Балабақша мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	(680	15 000	17 000
2	Балабақша жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	(290	15 000	17 000
Ұлытау ауданы				
1	Балабақша мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	(440	12 000	13 000
2	Балабақша жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	(65	12 000	13 000